

Ата -анамен ойын жаттығу
Тақырыбы :«Отбасы .Бала .Қоғам»

Міндеті:Отбасындағы баланың қоғамға ата-анаға қарыс қатынасын анықтау.

Ойын ережесі.Ұсынылған сұрақтарды мұқият оқып шығыңыз.Оларға ашық жауап беруге тырысыңыз.Тест бала тәрбиесіне байланысты белгілі бір қорытынды шығаруға көмектеседі.

Жауап варианттар мына төменгі әріптермен белгілейді:

«Мен мұны істей аламын және әрқашан осылай істеймін»

А-3 балл

«Иә,бірақ барлық кезде емес» Ә-2 балл

«Жоқ,бұлай істей алмаймын» Б-1 балл

Тапсырмалар беріледі

Сіз:

- 1.Кез- келген уақытта жұмысыңызды тастап баламен айналыса аласыз ба?
- 2.Жасына қарамастан онымен ақылдаса аласыз ба?
- 3.Балаға жіберген қателіктеріңізді оның алдында мойындай аласыз ба?
- 4.Қателіктеріңіз үшін одан кешірім сұрай аласыз ба?
- 5.Балаңыздың әрекеті сізді қынжылтқанымен өзіңізді игере аласыз ба,салқынқандық сақтай білесіз бе?
- 6.Балаңыздың орнына өзіңізді қоя білесіз бе?
- 7.Еш болмаса 1 минутқа өзіңізді мейірімді перзент ретінде сезіне аласыз ба?
- 8.Балаңызды жаралайтындай сөздерді пайдаланудан өзіңізді үнемі аулақ ұстай білесіз бе?
- 9.Жақсы қылығы үшін балаңызға оның тілегін орындайтыныңызға уәде бере аласыз ба?
- 10.Балаңыз ойына келгенді істегісі келсе және өзін қалай ұстағысы келсе оның әрекеттеріне еркіндік беріп,тірлігіне ешқандай араласпайтын бір күн бере аласыз ба?
- 11.Басқа баланы сіздің балаңыз ұрса,негізсіз ренжітсе оны елемей қоя аласыз ба?
- 12.Балаңыздың өтініші мен жылауына егер ол еркелік немесе қырсықтық болса қарсы тұра аласыз ба?

Бағалау шкаласы

1. «А» жауапқа -3 балл
2. «Ә» жауапқа - 2 балл
3. «Б» жауапқа -1 балл

Нәтижесін талдау.

30-39 балл жинасаңыз,бала-сіздің өміріңіздегі ең құнды адам.Сіз оны тек түсініп қана қоймай,оған құрметпен қарайсыз.Сіз тәрбиеде прогрессивті принциптерді қолданасыз.Жақсы нәтижелерге қол жеткізуіңізге ешқандай күмәндануға себеп жоқ.

16-30 балл жиналса,балаға қамқорлық жасау сіз үшін бірініші маңызды жұмыс,сіздің қамқорлығыңыз гипер қамқоршылықпен ұштасып тұр.